

Ішкі жүздегі кемелердің соқтығысуынан туындайтын жауапкершілікке қатысты кейбір ережелерді біріздендіру туралы конвенцияға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы N 383-ІІ заңы

1-бап. Қазақстан Республикасы Женевада 1960 жылғы 15 наурызда жасалған Ішкі жүздегі кемелердің соқтығысуынан туындайтын жауапкершілікке қатысты кейбір ережелерді біріздендіру туралы конвенцияға қосылсын.

2-бап. Қазақстан Республикасы 9-бапқа сәйкес осы Конвенцияның ережелері тек қана мемлекеттік биліктің функцияларын орындауға арналған кемелерге қолданылмайтыны туралы мәлімдейді және осы Конвенцияның ережелері кеме қатынастары Қазақстан Республикасының кемелеріне ғана рұқсат етілетін су жолдарына қолданылмайтынын өз заңдарында көздеу құқығын өзіне қалдырады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**ІШКІ ЖҮЗУДЕГІ КЕМЕЛЕРДІҢ СОҚТЫҒЫСУЫНАН ТУЫНДАЙТЫН
ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР ЕРЕЖЕЛЕРДІ
БІРІЗДЕНДІРУ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ**

(2003 жылғы 12 қазанда күшіне енді - ҚР СІМ-нің ресми сайты)

1-бап

1. Осы Конвенциямен Уағдаласушы Тараптардың бірінің суларында ішкі жүздегі кемелер арасындағы соқтығысудан, келтірілген зиянды не кемелерге не онда болған адамдарға немесе заттарға өтеу белгіленеді.

2. Осы Конвенциямен маневрді орындау не орындамау салдарынан, не Уағдаласушы Тараптардың бірінің суларында ішкі жүздегі кемелердің бірінің ережелерді сақтамауы салдарынан не басқа ішкі жүздегі кемелеріне, тіпті соқтығыс болмаған жағдайда да осындай кемелердің бортында болған тұлғаларға немесе заттарға келтірілген әр текті шығындарды өтеу белгіленеді.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында аталған кемелердің сол бір керуенінің құрамына кіру дерегі осы Конвенцияның қолданылуына әсер етпейді.

4. Осы Конвенцияны қолдану кезінде,

а) "кеме" термині шағын кемелерді де білдіреді;

б) гидроглиссерлер, плоттар, паромдар мен понтондық көпірлердің жылжымалы

бөліктері, сондай-ақ жер қазғыштар, көтергіштер, элеваторлар мен барлық жүзетін құралдар немесе сол текті тетіктер кемелерге теңестіріледі.

2-бап

1. Зиянды өтеу міндеттемесі, егер зиян кінәнің салдары болып табылған жағдайда ғана болады. Кінәнің заңды презумпциясы жоқ.

2. Егер зиян жағдайдың салдары болып табылса, егер ол дүлей күш жағдайларынан туындаса, немесе оның себептерін анықтау мүмкін болмаса, зиян одан жәбірленуші тұлғаларға түседі.

3. Бірнеше кемелерді сүйреген жағдайда олардың әрқайсысы ол кінәлі болған жағдайда жауапты болады.

3-бап

Егер зиян бір кемеңің кінәсінен келтірілген болса, оны өтеу осы кемеге түседі.

4-бап

1. Егер екі кеме немесе бірнеше кемелер өз кінәсінен зиян келтіруге тең қатысқан жағдайда олар тұлғаларға, сондай-ақ осы кемелердің бортындағы кінәсіз кемелер мен заттарға келтірілген зиян үшін ортақ жауап береді, бірақ осы кінәлі кемелердің бортындағы басқа да кемелермен заттарға келтірілген зияндарға ортақ емес.

2. Егер ортақ жауапкершілік болмаған жағдайда зиян келтіруге өз кінәсімен қатысқан кемелер жәбірленушілердің алдында олардың әрқайсысының кінәсінің мағынасына қарай жауап береді; алайда егер жағдайға қарай ара қатынас белгіленуі мүмкін болмаса немесе жасалған қатерліктер тең дәрежеде болса, олар тең шамада жауапты болады.

3. Ортақ жауапкершілік болған кезде, әрбір жауапты тұлға осы баптың 2-тармағында анықталғанға тең өзіне кредитор төлемінің бір бөлігін алады. Өз үлесінен артық төлейтін кеме өз үлесінен кем төлеген борыштастарға осы артыққа қатысты талап-арыз беруге құқылы. Борыштастардың бірінің төлем қабілетсіздігіне байланысты туындаған шығын осы баптың 2-тармағында белгіленген ара қатынастың негізінде басқа борыштастардың арасында бөлінеді.

5-бап

Алдыңғы баптармен белгіленген жауапкершілік, егер соқтығыс, тіпті лоцмандық өткізбе міндетті болғанда да, лоцманның кінәсінен болған жағдайда да күшінде қалады.

6-бап

Зиянды өтеу туралы талап-арызды ұсыну үшін қандай да бір аддын-ала арнайы нысаншылықтарды орындау талап етілмейді.

7-бап

1. Зиянды өтеу туралы талап-арыз бойынша оқиға болған күннен бастап есептегенде заңды мерзім екі жылға белгіленеді.

2. Кері кету талап-арызын ұсыну үшін мерзім бір жылға белгіленеді. Ескіру ағымы ортақ жауапкершілік сомасын белгілейтін соңғы сот шешімін енгізген күннен, не осындай шешім болмағандықтан кері кету талап-арызын ұсынуға себеп болатын төлем күнінен бастап басталады. Дегенмен төлеуге қабылетсіз борыштастың бөлігін бөлуге қатысы бар талап-арыз беруге қатысы көне мерзімі талап етуге құқығы бар тұлға борыштастың төлемге қабылетсіздігі туралы хабардар болған сәттен басталуы мүмкін.

3. Аталған көне мерзімдер ағынының үзілісі және уақытша тоқтатылуы істі қараушы соттың заңымен белгіленеді.

8-бап

1. Осы Конвенцияның ережелері кеме иеленушілердің, кеме иелерінің, кеме иелерінің және тасымалдаушылардың жауапкершілігіне қатысты, кемеінің тоннаж негізіндегі шектеулер, оның машиналарының немесе оның құндылықтарының қуаты немесе кемеден бас тарту мүмкіндіктерінен туындайтын шектеулер сияқтыларғы халықаралық конвенциялар мен мемлекетішілік заңдарда белгіленетін жалпы сипаттағы шектеулерге әсер етпейді. Олар, сондай-ақ тасымалдар шартынан немесе өзге де әртүрлі шарттардан туындайтын міндеттемелердің мағынасын түсірмейді.

2. Осы Конвенцияның ережелері радиоактивтік заттардың немесе бір уақытта радиоактивтік және улы заттардың, сондай-ақ жарылғыш немесе өзгеше мағынада ядролық отынның қауіпті заттары немесе радиоактивті өнімдер мен қалдықтардың тікелей немесе жанама нәтижелері болып табылатын шығындардың орнын толтыруға қолданылмайды.

9-бап

Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы осы Конвенцияға қол қою немесе бекіту немесе оған қосылу кезінде:

а) ол өзінің заңнамасында немесе халықаралық шарттарында, осы Конвенцияның ережелері тек мемлекеттік өкіметтің функцияларын орындау үшін арналған кемелерге қолданылмайтынын көздеу құқығын өзіне қалдыратынын;

б) өзінің заңнамасында осы Конвенцияның ережелерін кеме қатынасы тек осы елдің кемелеріне рұқсат етілетін су жолдарында қолданылмайтынын көздеу құқығын өзіне қалдыратынын жариялай алады.

10-бап

1. Осы Конвенция қол қою үшін немесе Еуропалық Экономикалық Комиссиясының мүше-елдері үшін осы Комиссия жүргізу өрісі 8-тармаққа сәйкес кеңесушілік дауыс құқығымен рұқсат етілген елдердің оған қосылуы үшін ашық.

2. Оның жүргізу өрісі туралы ереженің 11-бабына сәйкес Еуропалық Экономикалық Комиссиясының кейбір жұмыстарына қатыса алатындар осы Конвенцияға, оның күшіне енуі бойынша қосылу арқылы Уағдаласушы Тараптары бола алады.

3. Конвенция 1960 жылдың 15 маусымына дейін қол қою үшін ашық болады. Осы күннен кейін оған қосылу үшін ашық болады.

4. Осы Конвенция бекітуге жатады.

5. Бекіту немесе қосылу актілері Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына сақтауға беріледі.

11-бап

1. Осы Конвенция 10-баптың 1-тармағында көрсетілген 5 ел өздерінің бекіту немесе қосылу актілерін бергеннен кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

2. Осы Конвенцияны бекітетін немесе оған қосылатын әрбір елге қатысты бес ел өздерінің бекіту немесе қосылу туралы актілерін берісімен, осы Конвенция осы ел бекіту немесе қосылу туралы грамотасын бергеннен кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

12-бап

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына жолданған нотификация арқылы кез келген Уағдаласушы Тарап осы Конвенцияның күшін жоя алады.

2. Күшін жою Бас Хатшы жоғарыда аталған нотификацияны алғаннан кейін он екі айлық мерзім өтісімен күшіне енеді.

13-бап

Егер осы Конвенция күшіне енгеннен кейін Уағдаласушы Тараптардың саны күшін жою салдарынан бестен кем болса, осы Конвенция күшін жоюдың соңғысы жарамды болған күннен бастап күшін жоғалтады.

14-бап

Екі немесе бірнеше Уағдаласушы Тараптардың арасындағы келіссөздер немесе басқа да тәсілдермен шеше алмайтын осы Конвенцияны түсіндіруге немесе қолдануға қатысты әртүрлі даулар мүдделі Уағдаласушы Тараптардың бірінің өтініші бойынша Халықаралық Сотқа олар шешуі үшін беріледі.

15-бап

1. Әрбір ел осы Конвенцияға қол қою немесе бекіту грамотасын немесе қосылу актісін беру кезінде дауларды Халықаралық Сотқа беруге қатысты Конвенцияның 14-бабымен өзін байланыстымын деп санамайтынын жариялауы мүмкін. Басқа Уағдаласушы Тараптар осындай ескертпе жасайтын барлық Уағдаласушы Тараптарға қатысты 14-баппен байланысты болмайды.

2. 1-тармаққа сәйкес ескертпе жасаған әрбір Уағдаласушы Тарап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына жолданған нотификация арқылы оны кез келген сәттен кері қайтарып ала алады.

16-бап

Осы Конвенцияның 9-бабының "а" және "b" тармақтарында және 15-бабында көзделген ескертпелерді қоспағанда осы Конвенцияға ешқандай ескертпелерге рұқсат етілмейді.

17-бап

1. Осы Конвенцияның үш жылдың қолданысынан кейін кез келген Уағдаласушы Тарап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына жолданған нотификация арқылы осы Конвенцияны қайта қарау мақсатымен кеңес шақыру туралы өтініш ұсына алады. Бас Хатшы барлық Уағдаласушы Тараптарға осы өтініш туралы хабарлайды және егер оның хабарлағанынан кейін төрт айлық мерзім ішінде кемінде Уағдаласушы Тараптардың төрттен бірі оны осындай кеңесті шақыруға өзінің келісімі туралы хабардар етсе, Конвенцияны қайта қарау үшін кеңес шақырады.

2. Егер кеңес алдыңғы тармаққа сәйкес шақырылса Бас Хатшы оларды кеңесте қарау қажет деп санайтын ұсыныстарды үш айлық мерзімде хабарлауларын өтініп бұл туралы барлық Уағдаласушы Тараптарды хабардар етеді. Аз дегенде кеңестің ашылуына үш ай қалғанда Бас Хатшы барлық Уағдаласушы Тараптарға кеңестің күн тәртібін, сондай-ақ осы ұсыныстардың мәтінін хабарлайды.

3. Бас хатшы осы бапқа сәйкес шақырылған кез келген кеңеске 10-баптың 1-тармағында көрсетілген барлық елдерді, сондай-ақ 10-баптың 2-тармағының негізінде Уағдаласушы тарап болған елдерді шақырады.

18-бап

17-бапта көзделген нотификациялардан басқа Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы 10-баптың 1-тармағында көрсетілген елдерге, сондай-ақ 10-баптың 2-тармағының негізінде Уағдаласушы Тарап болған елдерге мыналар туралы хабарлайды:

- a) 9-баптың "a" және "b" тармақтарына сәйкес жасалған өтініштер туралы;
- b) 10-бапқа сәйкес бекіту және Конвенцияға қосылу туралы;
- c) 11-бапқа сәйкес осы Конвенцияның күшіне ену күні туралы;
- d) 12-баптың күшіне күшін жою туралы;
- e) 13-бапқа сәйкес осы Конвенцияның күшін жоғалту туралы;
- f) 15-баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес алынған өтініштер мен нотификациялар туралы.

19-бап

Осы Конвенция бір дана болып орыс және француз тілдерінде жасалды. Оған неміс және ағылшын тілдеріндегі мәтін де қоса беріледі. Осы Конвенцияға қол қою немесе бекіту грамотасын немесе қосылу туралы актіні беру сәтінде кез келген тарап не француз немесе орыс мәтіндерін, не болмаса ағылшын немесе неміс мәтіндерін қабылдайтынын жариялай алады. Осындай жағдайда аталған мәтін сол құқықты пайдаланған және сол мәтінді қабылдаған Уағдаласушы Тараптардың арасындағы қарым-қатынастарда да қолданымды болады. Барлық басқа да жағдайларда француз және орыс мәтіндері бірдей болып табылады.

20-бап

1960 жылдың 15 маусымынан кейін осы Конвенцияның түпнұсқасы, оған ағылшын және неміс тілдерінде қоса берілген мәтіндер сияқты Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына сақтауға тапсырылады, ол тиісті түрде осы түпнұсқаның және 10-баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген елдердің әрқайсысының осы ағылшын және неміс тілдеріндегі расталған көшірмелерін жолдайды.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН соған тиісті түрде уәкілетті болған төменде қол қоюшылар Женевада бір мың тоғыз жүз алпысыншы жылғы он бесінші наурызда осы Конвенцияға қол қойды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК